


# ҚАЗСПОРТ

**1-7 ЖЕЛТОҚСАН**

QAZSPORT

**Дүйсенбі, 1 желтоқсан**
07:00 Әнұран
07:05 Конькимен жүгіру. Әлем кубогы. 2-кезең
09:40 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
10:10 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасы. Жалпы кезең. «Манчестер Сити» (Англия) – «Байер» (Германия)
12:05 «Pro football». УЕФА Чемпиондар Лигасы. 5-тур ойындарының қорытындысы
12:45 Биатлон. Әлем кубогы (Әйелдер). 1-кезең
14:05 Футбол. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
14:55 Дзюдо. Grand Slam
16:55 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
17:20 Хоккей. ҚХЛ. «Сибирь» (Новосибирск) - «Барыс» (Астана). Тікелей эфир
20:00 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасы. Жалпы кезең. «Арсенал» (Англия) – «Бавария» (Германия)
21:50 Гандбол. Әлем чемпионаты (Әйелдер). Оңтүстік Корея – Қазақстан. Тікелей эфир
23:30 Шорт-трек. Әлемдік тур. 4 кезең
00:30 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы

**Сейсенбі, 2 желтоқсан**
07:00 Әнұран
07:05 Шағын футбол. «Socca world championship 2025». Қазақстан – Франция
08:05 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
08:20 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасы. Жалпы кезең. «Копенгаген» (Дания) – «Қайрат» (Қазақстан)
10:15 Деректі фильм. «Айбаттың асуы»
11:00 Шорт-трек. Әлемдік тур. 4 кезең
14:30 «Pro football». Лига Чемпионов УЕФА. Итоги 5 тура
15:10 Дзюдо. Grand Slam
17:05 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
17:20 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасы. Жалпы кезең. «Олимпиакос» (Греция) – «Реал Мадрид» (Испания)
19:15 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
19:30 Биатлон. Әлем кубогы (Әйелдер). Тікелей эфир
21:10 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
21:50 Футбол. Германия кубогы. 1/8 финал. «Боруссия М» - «Санкт-Паули». Тікелей эфир
00:00 Футбол. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
00:50 Футбол. Германия кубогы. 1/8 финал. «Боруссия Д» - «Байер». Тікелей эфир
03:00 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы

**Сәрсенбі, 3 желтоқсан**
07:00 Әнұран
07:05 Футбол. Италия кубогы. 1/8 финал. «Ювентус» - «Удинезе»
09:00 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
09:50 Футбол. Германия кубогы. 1/8 финал. «Боруссия Д» - «Байер»
11:45 Арнайы репортаж
12:00 Шорт-трек. Әлемдік тур. 4 кезең
14:30 «Pro football». УЕФА Еуропа мен Конференция Лигнгасы. 5-тур ойындарының қорытындысы
15:10 Дзюдо. Grand Slam
17:25 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
17:55 Шағын футбол. «Socca world championship 2025». Қазақстан – Уругвай. Тікелей эфир
18:55 Футбол. Италия кубогы. 1/8 финал. «Аталанта» - «Дженоа». Тікелей эфир
21:00 Футбол. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
21:50 Футбол. Италия кубогы. 1/8 финал. «Наполи» - «Кальяри». Тікелей эфир
00:05 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
00:35 Футбол. Германия кубогы. 1/8 финал.«Унион Берлин» - «Бавария»

**Бейсенбі, 4 желтоқсан**
07:00 Әнұран
07:05 Футбол. Италия кубогы. 1/8 финал. «Интер» - «Венеция»
08:55 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
09:10 Футбол. Германия кубогы. 1/8 финал. «Унион Берлин» - «Бавария»
11:00 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
11:30 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Жұптар-U. Қысқа бағдарлама. Тікелей эфир
12:25 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
12:40 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Ерлер-U. Қысқа бағдарлама. Тікелей эфир
13:30 Арнайы репортаж
13:45 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Әйелдер-U. Қысқа бағдарлама. Тікелей эфир
14:35 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
15:00 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Жұптар. Қысқа бағдарлама. Тікелей эфир
15:55 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
16:10 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Ерлер. Қысқа бағдарлама. Тікелей эфир
17:05 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасы. Жалпы кезең. «Арсенал» (Англия) – «Бавария» (Германия) ойынының шолуы
17:20 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Мұздағы би. Ырғақты би. Тікелей эфир
18:15 «Qazsport алаңы» ток-шоуы
19:00 Футбол. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
19:55 Шағын футбол. «Socca world championship 2025». Қазақстан - Нидерланд. Тікелей эфир
21:05 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
21:50 Футбол. Италия кубогы. 1/8 финал. «Болонья» - «Парма». Тікелей эфир
00:00 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
00:50 Футбол. Италия кубогы. 1/8 финал. «Лацио» - «Милан». Тікелей эфир

**Жұма, 5 желтоқсан**
07:00 Әнұран
07:05 Футбол. Италия кубогы. 1/8 финал. «Лацио» - «Милан»
09:00 Садақ ату. Қазақстан Республикасының чемпионаты. Тікелей эфир
13:00 «Qazsport алаңы» ток-шоуы
13:45 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Әйелдер-U. Еркін бағдарлама. Тікелей эфир
14:40 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
15:35 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Жұптар. Еркін бағдарлама. Тікелей эфир
16:40 Арнайы репортаж
16:55 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Әйелдер. Қысқа бағдарлама. Тікелей эфир
17:45 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
18:10 Биатлон. Әлем кубогы (Ерлер)
19:50 Футзал. УЕФА Чемпиондар Лигасы. «Қайрат» (Қазақстан) - «Спортинг-Андерлехт» (Бельгия) . Тікелей эфир
22:00 Футбол. Әлем чемпионаты-2026 жеребе тарту рәсімі. Тікелей эфир
23:40 Футзал. УЕФА Чемпиондар Лигасы. «Пяст» (Польша) - «Семей» (Қазақстан). Тікелей эфир
00:50 Футбол. Англия кубогы. 1/64 финал. «Солфорд» - «Лейтон Ориент». Тікелей эфир
02:30 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы

**Сенбі, 6 желтоқсан**
07:00 Әнұран
07:05 Хоккей. ҚХЛ. «Барыс» (Астана) - «Спартак» (Мәскеу)
09:05 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
09:20 Футбол. Англия кубогы. 1/64 финал. «Солфорд» - «Лейтон Ориент»
11:00 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Жұптар-U. Еркін бағдарлама. Тікелей эфир
12:00 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
12:15 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Мұздағы би-U. Еркін би. Тікелей эфир
13:15 Дзюдо. Grand Slam.Тікелей эфир
16:30 «Pro football». Лига Европы и Лига Конференции УЕФА. Итоги 5 тура
17:10 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Әйелдер. Еркін бағдарлама. Тікелей эфир
18:10 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасы. Жалпы кезең. «Челси» (Англия) – «Барселона» (Испания)
20:00 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
20:30 Биатлон. Әлем кубогы (Ерлер). Тікелей эфир
21:50 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
22:05 Футбол. Англия кубогы. 1/64 финал. «Саттон Юнайтед» - «Шрусбери Таун». Тікелей эфир
00:20 Футбол. Англия кубогы. 1/64 финал. «Честерфилд» - «Донкастер». Тікелей эфир
02:30 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы

**Жексенбі, 7 желтоқсан**
05:55 Әнұран
06:00 Кәсіпқой бокс. Жәнібек Әлімханұлы (Қазақстан) –Эрисланди Лара (Куба). Тікелей эфир
10:00 Мәнерлеп сырғанау. Гран-при. Финал. Гала-концерт. Тікелей эфир
12:30 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
13:00 Дзюдо. Grand Slam. Тікелей эфир
16:30 «Sport review» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
16:50 Хоккей. ҚХЛ. «Барыс» (Астана) - «Сибирь» (Новосибирск). Тікелей эфир
19:25 Футбол. Англия кубогы. 1/64 финал. «Борхэм Вуд» - «Ньюпорт». Тікелей эфир
21:30 Футбол. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
22:20 Футбол. Англия кубогы. 1/64 финал. «Блэкпул» - «Карлайл Юнайтед». Тікелей эфир
00:30 Футбол. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы

## Құрметті Атырау облысының тұрғындары!

Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті салықтарды ағымдағы жылдың соңына дейін төлеу қажеттігін ескертеді!

Берешектің бар-жоғын тексеруге болады:

• Мемлекеттік кірістер комитетінің сайты арқылы: kgd.gov.kz,

• Бірыңғай байланыс орталығы арқылы: 1414.

Жаңа жылды таза парақтан бастаңыз – салықтық міндеттемелеріңізді уақытылы орындаңыз!

## Фишингтің жаңа толқыны: **Сіздің iPhone онлайн ұрлануда**

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қылмыстық қауіп-қатердің және қоғамдық қауіпсіздіктің тәуекелдерін болжау орталығы iPhone иелеріне қатысты интернет-алаяқтықтың қаупі туралы ескертеді.

Шетелдік дереккөздердің (https://www.bleepingcomputer.com/news/security/lost-iphone-dont-fall-for-phishing-texts-saying-it-was-found/, https://itc.ua/news/moshennyky-obmanyvayut-vladeltsev-ukradennyh-iphone-falshyvymy-soobshhenyyamy-apple-find-my/) ақпаратына сәйкес құқықбұзушылар адамдарға Apple атынан жалған SMS немесе iMessage жолдайды, хатта табылған iPhone-ның моделі, түсі және жадының көлемі көрсетіледі, осылайша хабарламаның түпнұсқалығын көрсету әсерін қолданады.

Бекітілген сілтеме бойынша өту арқылы, пайдаланушы Apple Find My сервисіне визуалды ұқсас жалған парақшаға түседі, ол Apple ID логині мен паролін алаяқтарға жолдайды.

Бұл құқықбұзушыларға iPhone белсендіру блоктауын айналып өтуге, құрылғыға және жеке ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндігін береді.

Қауіп-қатердің көрсетілген түрі белсенді түрде таралуын ескере отырып, қатаң түрде келесі іс-шараларды ұстану ұсынылады:

– күмән тудыратын сілтемелер бойынша өтпеуді;

– жоғалған құрылғының блоктау экранында байланыс ақпаратын көрсету үшін бөлек электронды пошта мекенжайын пайдалануды;

– SIM-картаға қол жеткізуді қиындату үшін оны PIN-код пен қорғауды;

– Құрылғыны тек icloud.com/find.арқылы тексеруді.

Сақ болыңыздар, киберқауіпсіздік талаптарын сақтаңыздар!

**Комитеттің Қылмыстық қауіп-қатердің және қоғамдық қауіпсіздіктің тәуекелдерін болжау орталығының дереккөздерінен алынды**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**2026 жылға арналған жылу энергиясын беру, бөлу және өткізу бойынша реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифтің шекті деңгейін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің 26 қараша 2025 жылғы №88-НҚ бұйрығына сәйкес, «Атырау жылу жүйелері» ЖШС-нің жылу энергиясын беру, бөлу және өткізу бойынша реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтің шекті деңгейі бекітілді, соның ішінде:

Орташа өткізу тарифінің мөлшері ҚҚС-сыз 1 Гкал үшін 15 966,76 теңгені құрайды, оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша:

– Жеке тұлғалар үшін орташа өткізу тарифі 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз) 5 786,82 теңгені құрайды, оның ішінде:

жылу энергиясын есептеу аспаптары бар тұтынушылар үшін – 5 347,79 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);

жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін – 6 944,18 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);

ескі, авариялық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін – 5 786,82 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);

суды жылыту үшін – 5 786,82 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз).

– Басқа тұтынушылар үшін орташа өткізу тарифі 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз) 22 768,50 теңгені құрайды, оның ішінде:

жылу энергиясын есептеу аспаптары бар тұтынушылар үшін – 20 870,29 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);

жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін – 34 152,75 теңге1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);

ескі, авариялық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін – 22 768,50 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);

суды жылыту үшін – 22 768,50 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз).

– Бюджеттік мекемелер үшін орташа өткізу тарифі 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз) 78 208,66 теңгені құрайды, оның ішінде:

жылу энергиясын есептеу аспаптары бар тұтынушылар үшін – 73 165,73 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);

жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін – 113 509,44 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);

ескі, авариялық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін – 78 208,66 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);

суды жылыту үшін – 78 208,66 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз).

– Жылыту кезеңінде (6 ай) халықтың 1 кв.м. жылыту алаңы үшін төлемақысы:

жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін – 166,66 теңге/м2 (ҚҚС-сыз);

ескі, авариялық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін – 138,88 теңге/м2 (ҚҚС-сыз).

– Есептеу аспаптары бар тұтынушыларға 1 м3 суды ысыту үшін төлемақы – 278,27 теңге/м3 (ҚҚС-сыз).

– 1 адамға айына суды ысыту төлемақысы – 1 019,96 теңге/адам (ҚҚС-сыз).

Бекітілген тариф 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 31 наурызға дейін әрекет етеді.




KazTransOil

## Тұрғындардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, шаруа қожалықтарының назарына!

## ЕСКЕРТУ

«ҚазТрансОйл» АҚ Атырау облысының аумағында Узень-Атырау-Самара», «Мартыши-Атырау», «Комсомольск-Макат», «Т.Касымов атындағы МАС – Шманов Н.Н. атындағы МАС – АМӨЗ», «Шманов Н.Н. атындағы МАС – АМӨЗ» магистральды мұнай құбырлары, ТОБЖ байланыс желілері салынғанын, олар километрлі бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді.

ҚР «Магистральды құбыр жолдары туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету Ережелеріне сәйкес келесі күзету аймақтары белгіленеді:

1) магистральды мұнай құбырларының трассалары бойында – әр жағынан құбыр осінен елу метрде өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі ретінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральды мұнай құбырының күзетілетін аймағы әр жағынан құбыр осінен жиырма бес метрде өтетін шартты сызықтармен шектеледі;

2) бір техникалық дәлізде салынған көп жікті құбырлардың трассалары бойында – шеткі құбырлардың осьтерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі ретінде;

3) суасты өтпелерінің бойында – әр жағынан өтпелердің шеткі жіктерінің осьтерінен жүз метрде тұрған қатарлас жазықтық арасында жасасылған су беткейінен түбіне дейінгі су кеңістігінің жер учаскесі ретінде;

4) өнімді апаттық шығаруға арналған жер қоймаларының айналасында – көрсетілген объектілер аймағының шекараларынан барлық жаққа елу метрде тұрған тұйық сызықпен шектелген жер учаскесі ретінде;

5) бас және аралық айдау және құю сораптық стансалары, сұйыққойма парктері, өнімдерді өлшеу тораптары, құю-төгу эстакадалары, мұнай, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері айналасында – көрсетілген объектілер аймағының шекараларынан жүз метрде тұрған тұйық сызықпен шектелген жер учаскесі ретінде;

6) орманы жоқ учаскелерде тұрғындар тұратын пункттерден тыс орналасқан байланыс және радиофикацияның жер асты кабельді және әуе желілері – жер асты кабелінің трассасынан немесе әр жағынан екі метрден кем емес қашықтықта әуе желілерінің шекті сымдарынан тұратын параллель тура желілерді анықтайтын осы желілер бойындағы жер учаскесі ретінде.

**ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӘЙКЕС 10-НАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕРДІ САЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ-пен олардың орналасу жерін, құрылыс, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;

2) бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға;

3) магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;

4) кез-келген құрылыстар мен имараттарды салуға;

5) автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

6) мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға;

7) «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге;

8) ұңғымалардың, шурфтардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезикалық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез-келген объектілердің құрылысына тыйым салынады.

Айтылған Заң талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:

Атырау мұнай құбыры басқармасы

Атырау қ., Зейнолла Ғұмаров көшесі, 94

Тел: 8 (7172) 55-52-53, 8 (7172) 55-52-52, 8 (7172) 55-52-54, 8 (7122) 931-633, 8 (7122) 931-779, 8 (7122) 931-278, 931-298, 931-227.

# АИТВ инфекциясының алдын алу шаралары

**«АИТВ-ға қарсы күрестегі қиындықтардан – тиімді өзгерістерге»**

ЖИТС-пен күрестің Дүниежүзілік күні 1 желтоқсанда аталып өтетіні баршаға мәлім. Атаулы күннің мақсаты – халық назарын АИТВ мәселесіне аудару. АИТВ инфекциясымен күрес көптеген қаржы мен күшті талап етеді. Және бұл жолда кездесетін қиындықтар да аз емес. Сондықтан осыған дейінгі қол жеткізілген жетістіктерді қорғап, АИТВ-ға қарсы іс-қимылдарды күшейту маңызды.

Облыс көлемінде 10 қараша мен 10 желтоқсан аралығында ЖИТС-пен күрестің Дүниежүзілік күніне орай кампания өтуде.

Кампания кезінде үкіметтік емес ұйымдармен, жастар денсаулық орталықтарымен бірге акциялар, семинарлар, спорттық шаралар, брифингтер өткізу жоспарланған. Облыстық ішкі саясат және денсаулық сақтау басқармаларының ұйымдастыруымен 1 желтоқсанда жастарға арналған кең көлемді акция өткізіледі.

Сонымен қатар АИТВ орталығының мамандары апта сайын БМСК ұйымдарымен бірлесіп Атырау қаласындағы оқу орындарында студенттермен кездесу, дөңгелек үстелдер өткізуде.

Барлық жергілікті емханалар мен облыстық АИТВ орталығында АИТВ-ға құпия, тегін, қажет болса анонимді түрде тест тапсыруға болады.

Кампания кезіндегі ашық есік күндерінде әрбір адам АИТВ орталығына келіп мамандар кеңесін алып, АИТВ-ға тексерілу үшін қан тапсыра алады.

АИТВ туралы сұрақтарға сенім телефондары 21-11-03, 8 778 122 37 69, вебсайт https://www.atyrauspidcentre.kz/, Инстаграм ocspid_atyrau парақшалары арқылы жауап алуға болады.

## Хабарландыру

«Integra Construction KZ – «Батыс дирекциясы»» ЖШС 2025 жылғы 4 желтоқсаннан бастап (5 жұмыс күні ішінде) өндірістік базасын пайдалану бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімінің материалдарына қатысты көпшілік тыңдаулар ашық талқылау түрінде өткізілетінін хабарлайды. (Нысанның координаттары: 47°36’47»N 53°14’05»E)

Жобалық құжаттамалар топтамасымен танысуға, сондай-ақ ескертулер мен ұсыныстар білдіруге болады. Тыңдаулар - НБД СОС және ПР сілтемесі арқылы:

hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex – Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі

Сұрақтар бойынша дизайнердің контактілеріне хабарласыңыз: ysseinova@mail.ru (87775928693)

## Хабарландыру

«Consolidated Contractors International Company S.A.L.» хабарлайды, 2025 жылғы 4 желтоқсаннан бастап (5 жұмыс күні ішінде) келесі материалдар бойынша ашық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін:

1. Тенгиз вахталық ауылындағы ККИП «Абай» вахталық ауылы объектісі бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімінің материалдары (объект координаттары: 46°20’35”N 53°28’20”E)

2. Тенгиз вахталық ауылындағы ККИП вахталық ауылы объектісі бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімінің материалдары (объект координаттары: 46°24’09”N 53°28’16”E)

Жобалық құжаттамалар топтамасымен танысуға, сондай-ақ ескертулер мен ұсыныстар білдіруге болады. Тыңдаулар – НБД С ОС және ПР сілтемесі арқылы:

hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex – Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі

Сұрақтар бойынша дизайнердің контактілеріне хабарласыңыз: ysseinova@mail.ru (87775928693)

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**2026 жылға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифтің шекті деңгейін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің 26 қарашадағы 2025 жылғы №87-НҚ бұйрығына сәйкес, «Атырау жылу электр орталығы» ЖШС-нің жылу энергиясын өндіру реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтің шекті деңгейі бекітілді, соның ішінде:

2026 жылға – 4 353,69 теңге/Гкал (ҚҚС-сыз)

Бекітілген тариф 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 31 наурызға дейін әрекет етеді.

**«Атырау жылу электр орталығы» ЖШС**

«КОЛИК СЕРВИС КОМПАНИ» ЖШС 2025 жылдың 4 желтоқсан мен 2025 жылдың 11 желтоқсан аралығында Қоршаған орта және табиғи ресурстар жай-күйі ұлттық деректер қорының https://ndbecology.gov.kz сайтында Атырау қаласындағы Құрманғазы көшесіндегі «КОЛИК СЕРВИС КОМПАНИ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің автогаз құю компрессорлық станциясына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Бастамашы: «КОЛИК СЕРВИС КОМПАНИ» ЖШС, Атырау қаласы, Құрманғазы көшесі 8/1, БСН 191240023154.

Жобалық құжаттама пакетін ескертулер мен ұсыныстар үшін Қоршаған орта және табиғи ресурстар деректерінің Ұлттық деректер қорының (https://ndbecology.gov.kz) сайтында көруге болады.